



Егемен Қазақстан

Egemen.kz

Алтынемелдегі соңғы көктем

(Эссе-реквием)

Ғасырлар бойы қазақтың түбіне жетіп келе жатқан үш басты бәлекет бар; оның бірі – даңққұмарлық, екіншісі – намыссыздық, үшіншісі – жалқаулық. Осының үшеуі де ел билеген бай-шонжарлардың басынан табылады. Қазақ бойында бұдан өзге де ессіздіктер толып жатыр. Қара халықтың бәлежалада шаруасы жоқ, пендешіліктің бітпейтін күйбін тіршілігінен бас көтеріп ой ойлауға мұршасы да жете бермейді.

Бай-манап даңқ қуып әуре.

Шенеуніктер пара андып әуре.

Қара халық жан бағамын деп әуре.

Дәл бүгін Дешті Қыпшақ даласында бұдан бөтен әуре-сарсаң жоқ десе де болғандай.

Шоқан бүк түсіп киіз үйдің ашық есігінен далаға көз салып сұлық жатыр. Алыстан Алтынемел тауы көрінеді. Оқып отырған кітабын ақырын жаба беріп, қайтадан қазақы тірлік туралы толғанысты ойға берілді.

Қара қазақтың қамы үшін билікке таласып еді, болмады. Дала тағылары орысша бауыр жазған төре тұқымын қатарларына жолатпады. Аса талантты түз ұлын патша офицерлері де шетке қақты. Артынан сөз жүгіртті. Сырт көзде қорлауға барды. Ашық қастандық жасады. Жолын бөгеді.

Құдай жалғыз, Шоқан жалғыз.

Дешті Қыпшақ даласы жалғыз.

Сайын дала жетім болатын.

Ертеде Қозы-Көрпеш – Баян сұлу мавзолейінің түбінде отырғандағы күпті ойларын есіне түсіргісі келді. Жол күнделіктерінде көргені туралы жазу бар да, сезгені туралы жазу жоқ. Қазақ елі туралы, Дешті Қыпшақ даласының тағдыры туралы да толғанысты бір ауыз сөз кездестірмейсіз. Патша полковнигі – әкесі Шыңғыс жөнінде де мағлұмат жоқтың қасы. Оның неден болатыны Шоқанға да, бүгінгі бізге де белгілі. Патша саясатын сақтайтын Үшінші бөлімнің қаһары бәріне мәлім. Ауызды бағу керек.

Ашық есіктен желіде байлаулы құлынның өрепсуін көріп жатыр. Бие сауымы мезгілі тақағанын сезген құлын бір орнында тұра алмай бұлқынысқа түскен. Шаруа әйел ағаш шелегін жерге қоя салып, сүйкімді құлынды құшақтап, құлағының түбінен сипалайды. Құла құлын тынши қалып, ернімен әйелдің иығын түрткілеп әуре.

Бұл даланың ерке, кимас суреті еді. Даладан тысқары шықса болды, тыныс-тіршілігі бөлек сол даланы аңсай сағынады. Петербургте өткізген соңғы екі жылда түсінен Дешті Қыпшақ даласы, сол далада еркін күн кешкен қазақ жұрты бір шыққан емес. Бұл аңсау атты қасиетті дерт болатын. Дүниені еркін жаулаған, Рим империясын тізерлеткен Аттиланың, Мысыр мемлекетіне билік жүргізген мәмлүк Бейбарыстың туған даласын сағына аңсап аһ ұрған сәттерін Шоқан жиі еске алады. «Өзге ел де сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол», деген қағида ойды қазақтар Бейбарыс арманынан көреді. Түркілердің ойларын жеке дәптерге тізіп кітап жасау керек деп ойлады Шоқан. Өмірден озған Абылай хан бабасының, патшаға қарсы шабуылын қоймаған Кенесары ханның, өз ағасы Садық төренің айтқан сөздері қандай!

Абылай хан өкініші бір төбе.

Кенесары өкініші бір төбе!

Садық төренің қайтпас қайсарлығы, кекшіл мінезі бір төбе!..

Ұйқы қашқан, дегбірсіз күндер мен түндер басталғалы қашан... Өттең, дүние-жалған, тасадан келіп жабысқан ауыр дерт Шоқанды қатты күйзеліске ұшыратқан. Петербург пен Еуропа кітапханаларында армансыз көміліп отыруды аңсаған тілегі көз ұшынан бұл-бұл ұшты-ау...

Түркі жұртының тарихына ерекше зер салып тексеру, зерттеу асқақ арманы болатын. Әуелі Еуропаның, енді Ресей қойнауынан көшпенділер тарихы мен тыныс-тіршілігі туралы деректер ысырылып ерекше формулярларға түскен, немесе бүтіндей жоғалуға ұшырай бастаған. Шоқанның қырағы көзі бұны соңғы рет Нева жағасындағы қалада болғанында шалып қалып еді. Бірақ дабыра жасамаған. Шулыған қылмай, келесі келгенде қолға түсіремін деп белгі де қойып кеткен. Орыс империясының құрығына ілінген соң-ақ, көшпенділер цивилизациясы тоқырауға түскен. Дала халқының биоритмдік циклының қуаты да қайтқан кез еді.

Есіне Федор Достоевскийдің Семейде айтқан бір сөзі есіне түсіп еріксіз мырс етті. «Шоқан Шыңғысұлы, Сібір жері суық болғанымен, шенеуніктері жылы тұрады», деп Федор Михайлович күліп жіберіп еді.

Сегіз қанат үйге жас келіншегі имене еніп, есік алдында тұрып қалды.

– Сізге қымыз дайындатып едім...

Шоқан әлі кетіп жіңішкерген қолын үнсіз созды.

Айсары аласы мол қарақат көзін тіктеп Шоқанға мейірлене қарады. Жарының төсегіне жақындап, созған саусақтарын екі қолымен бірдей ұстап ерніне тосты.

Орысша тәрбиеге бойсұнған Шоқанның мінезі, жүріс-тұрысы, күн ұзақ кітап оқып, қағаз жазған кезі Айсарыға басында таңсық көрінген. Кейін үйреншікті бұл істің үлкен еңбек екенін түсінді. Жарының таңдаған өмірлік жолы азап екенін ұқты.

– Әне, қарашы, дала қалай құлпырады, ә?! Табиғаттың түрленуін қара!.. Енесін тосқан құла құлын қалай секіреді, ә!.. Алтынемел де сағым буында тербетіліп тұр.

Шоқанның сүйсіне айтқан сөздеріне елтіген Айсары да киіз үйдің есігінен далаға көз салды.

Көз алдында ғажайып дала суреті құлпыра жөнелген.

«Бұл нәзік суреттерді бұрын неге көрмегем!.. – деп ойлады Айсары. Неге?.. Ал Шоқан қандай көреген!..».

Жарының бөлек адам екенін сезген сайын Айсары өзін ыңғайсыз сезінетін. Қаншама қысылса да соншама жарын жақсы көре түсетін. «Тәңірім осы қызығымды көп көрмесін», деп тілейтін Айсары.

Далаға оралып, Тезек төренің ауылында қоныстап жатып қалғаннан бері Шоқанның есіне Омбы, қазақ пен қашқар даласы, қырғыз ортасы, білім көзі, билік тағы –

Петербург орала беретін болған. Жанына жақын орыстың білімді, демократ адамдары сонда қалған.

Генерал Черняевтің жауыздығына қарсы шығып, оның ставкасынан кеткен соң-ақ, орыстың ұлтшыл, сыңаржақ офицерлері Шоқанды сыртқа тепкен. Оларды елеген Шоқан да жоқ еді. Есіне жиі алатыны Федор Михайлович Достоевский болатын.

Семейде бірнеше рет кездескенде Федор Михайлович жап-жас қазақ офицеріне ерекше ықылас білдірген. Ол кезде Шоқан Шыңғысұлы он тоғыз жаста ғана еді. Сол Семейден аттанып бара жатып, Шоқан жазушы досына хат жолдаған.

«...Өзіңіз кеткеннен соң мен Сіздің қалаңызда тек бір қонып, келесі күні ертемен жүріп кеткенмін. Ол кеш мен үшін өте көңілсіз болды. Өзімнің соншама жақсы көрген және өзіме де жақсы ниет білдірген адамдармен айырылысу маған өте-мөте ауыр тиді. Сізбен бірге Семейде өткізген аз ғана күн маған сондай тамаша әсер етті; ендігі менің бар ойым Сізбен тағы бір кездесу. Мен адамның нәзік сезімдерімен, ақ ниеті туралы жазуға шебер емеспін, оның қажеті де жоқ қой деймін: менің Сізге қандай берілгенімді және Сізді қандай жақсы көретінімді, әрине, өзіңіз де білесіз...».

Бұл жас қазақ жігітінің жүрегінен шыққан таза ниеті еді. Үлкен жазушы, һас психолог Федор Михайлович жас офицердің жан тебіренісін дәл таныған, ұққан. Сонан да ол Шоқанға өзінің әйгілі сөздерін арнады. Ұлы орыс жазушысының адамгерлік сөздерін қобалжымай, тебіренбей, сүйсінбей оқу мүмкін емес еді.

«...Мейірман достым менің, Сіздің хатыңызды маған Александр Николаевич табыс етті. Сіз мені жақсы көрем деп жазыпсыз. Ал мен Сізге қысылмай-ақ тура айтамын – мен Сізге ғашық болып қалдым. Мен ешуақытта да және ешкімге де, тіптен туған ініме де, тап Сізге көңілім түскендей құштарлықты сезген емеспін... Бұған талай дәлел келтіруге де болар еді, бірақ Сізді несіне мақтай берем. Ал енді Сіз менің ақ ниетіме дәлелсіз-ақ сенетін шығарсыз деймін, қымбатты Шоқан және бұл тақырыпқа тегі он кітап жазсаң да, бәрібір түк жаза алмайсың. Сезім мен құштарлық дегендер түсіндіруге болмайтын нәрселер... Сізбен арбада тұрып қош айтысып айырылысқаннан кейін, біз бәріміз де күні бойы көңілсіз болдық. Сіз бүкіл жол бойы біздің есімізден бір шықпадыңыз...».

Кеш түсіп, дала салқын тартты. Айсары күтуші әйелге үй ішіндегі ошаққа от жақтырды. Күйеуінің үстіне түйе жүн шекпен жапты.

– Тондыңыз ба? – деп сұрады Айсары.

– Жоқ. Шам жақшы. Сонан соң анау кітаптар мен қағаздарды әпер...

– Әуелі шәй ішіп жайланып алыңыз.

– Жоқ, шәй кейін болсын, Айсары. Мен біраз кітаптармен оңаша қалайын.

Келіншегі көзін төмен салып үйден шығып кетті. Көз жасын көрсеткісі келмеп еді. Дауысында да өксік тұрған.

«Өзін өзі аямайды. Аяу жоқ қой. Дәл қазір ана қалың кітаптар, таусылмайтын ақ қағаздар не керек?.. Қымыз ішіп, далада серуен құрғаннан артық не бар?.. Көк жорға атына мінуді де қойды. Тіпті, оны бүтіндей босатып, жылқыға қостырып жіберді...».

Шоқан сонау 1856 жылдары Құлжа экспедициясы біткен соң жасаған «Құлжа қаласының жоспары», «Қытай империясының Батыс өлкесінің картасы», «Балқаш көлі мен Алатау жоталарының арасындағы кеңістіктің картасы» сияқты еңбектерін тағы бір қарап шығуды ойына алып еді. Оған денсаулығы мұрсат беретін емес. Әрқилы тілдердегі ескілікті карталарды да салыстыра қарауда болатын. Қазақ елі мен Орта Азияның географиясы мен этнографиясы туралы көлемді материалдарды қарастырып шығуының өзі де үлкен ерлік еді.

Өкінішке қарай, сол құрастырған еңбекті кітап қылып шығаруға мүмкіндік болмады. Сол еңбек бойынша География қоғамында Шоқанның оқыған лекциялары қызғылықты өтуші еді-ау. Шығыс Түркістан, Тянь-Шань, Қырғыз елі туралы айтқан еркін әңгімелері мен деректі тарихи оқиғалары аса қатты қызығушылық тудыратын.

Бұл Шоқан Шыңғысұлының Ресей астанасында даңқы асқақтап тұрған кезі болатын.

Көне карталарды ақтарып отырған Шоқанның көздегені Дешті Қыпшақ даласының нақты сызбасы мен тарихын көне заманғы жазбалармен салыстыра отырып қайта жазып шығу еді. Бұл бабалар жолын саралап, ақиқат тарихты жазуға құлшынуы болатын. Бас штабтың ғылыми комитеті Шоқаннан Қытай империясының картасын түзуді сұрады, ал бірақ Бас штаб Шоқаннан Дешті Қыпшақ даласының тарихы мен картасын жасауды сұраған емес.

Бабалар жолын қағаз бетінде бекітіп жазып кетуге Шоқанның денсаулығы жетпеді. Өкінішті. Сол кезеңде оған өзінен бетер өкінген ешкім болмас.

Арманы өлген адам өлі адам екенін, Жетісудағы Алтынемел тауының бауырындағы Тезек төренің ауылында, шалажансар күй кешкен даланың дара дарыны Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов анық ұққан.

Сол ой оны көрге жетелеген. Өзі де таусылуға тақау тағдырына өзі өшпес өрт қойған.

«Қолға алған ісіңізді тастай көрмеңіз – деп жазады Федор Достоевский. – Сіздің мәліметтеріңіз өте көп. Сахара туралы мақала жазыңыз... Сіз өз тағдырыңызды Отаныңызға ерекше пайдалы болғандай етіп, соның игілігіне бағыштауыңызға болар еді.

Мысалы, сахараның не екенін, оның маңызын және өз халқыңыздың Россияға қандай қатысы бар екенін Россия халқына түсіндірудің өзі ұлы мақсат, қасиетті іс емес пе?.. Еуропаша толық білім алған тұңғыш қырғыз (қазақ) екеніңізді еске алыңыз. Оның үстіне тағдыр Сізді таза жанды, адал жүректі, абзал адамғып жаратқан. Артта қалуға болмайды, жоқ, болмайды».

Шоқанға адал қараған орыс достары оны ешқашан сатқан емес. Жас қазақ сұлтанының бойынан үздік адамгершілікті, терең білім шуағын таныған ұлы жазушы да онан бауырын жазбаған. Сонан да жазушы жас досын рухтандыра түседі, батыл, белсенді іс-әрекетке шақырады.

«Мен Сізді сондай жақсы көремін, Сіз туралы және Сіздің тағдырыңыз туралы ұзақ күндер бойы ойланам. Әрине, Сіздің тағдырыңызды мен тек өзімнің қиялымда ғана мәпелеп, әлпештеймін. Бірақ сол қиялдарымның ішінде бір шындық бар, ол шындық – Сіздің өзіңіздің сол тайпаңыздың ішін де еуропалық білімге тұңғыш қолы жеткен адам екендігіңізде. Тек осы оқиғаның бір өзі ғана ғажайып нәрсе және соны ұғудың өзі Сізге көп міндеттер жүктейді... Қош болыңыз, қымбаттым және өзіңізді құшақтап, он қайтара сүюіме рұқсат етіңіз».

Шоқан далада да, қалада да жалғыздық құрығынан құтыла алмады. Орыстың прогресшіл ғалымдары мен жазушыларының ортасы бір бөлек, царизмнің отаршылдық аппаратын билептөстеп отырған реакцияшыл офицерлер мен чиновниктер бүтіндей бөлек үстем орта болатын.

Генерал Гасфорттың көмекшісі фон Фридрихстің қазақ даласын қалай басқарғаны туралы Бас штабтың офицері И.Бабковтің кітаптарында жақсы жазылған. Шартық қарын фон Фридрихс сияқты есерсоқ өзін қазақ даласының жарылқаушы иесімін деп жариялаған. Соның қолтығына Кури, Ивашкевич, Майдель, Нестеров сияқты жыртқыш-парақорлар кірген. Бұлардың бәрі де фон Фридрихстің хатшылары мен көмекшілері болатын. Біраз уақыт өткен соң, қазақ өлкесінің ең үлкен бастықтары Дюгамель мен Кройерус сол жыртқыштарды өз тобырына қосып алды. Қорқаулар қорқау топ жиюға ұста болатын. Шоқан Шыңғысұлының соңына шам алып түсіп, оған қаскөйлік жасаған осы жауыз тобыр еді. Бұл жөнінде Қырғыз (қазақ) сахара комиссиясының мүшесі А.К.Гейнстің жазбаларына үңілейік. Қолжазбаға көз салайық:

«1865 жылы 17 июль күні комиссия мүшелеріне Дюгамель қонақасы берді, онда Кройерус пен адъютанттар да болды. Әңгіме жалпы мәселелердің төңірегінде өрбіді. Уәлиханов марқұмға, сондай адал, кіршіксіз таза адамға, тек патша ағзам қабылдап, бетінен сүйді деп қана қастық істеген Кройерус Шоқан туралы бір-екі ауыз қолайсыз сөздер айтты. Сонда мен оларға: ең жақсы ориенталистер, соның ішінде Ковалевский де Шоқанды тамаша ғалым, қырғыз халқының ең жақсы досы, орыстардың мемлекеттік

мүдделерінің қорғаушысы деп санайды ғой дедім. Дюгамельге және оның сыбайластарына, өзімнің ойлағанымдай-ақ, мұндай баға сірә ұнамай қалған болу керек», – дейді.

Қазақ өлкесінің жоғары әкімшілік аппаратында Дюгамель, Фридрихс, Кройерустармен бірге патша өкіметінің қара ниетті пайдакүнем, қара бастың қамы мен ақшаны ғана көксеген арамзалар болды. Құқықсыз өлкені сүліктей сорған патша жендеттері қазақтарға заңсыздық істеуден таймады, қызмет орындарын пайдаланып оларға қиянат жасады. Патша чиновниктерінің бар ұмтылысы жүгенсіз озбырлық пен көзсіз паракорлық болатын. Бұл отаршылдық аппараттағы чиновниктердің қылмыстық әрекеттері туралы орыстың прогресшіл жазушылары мен ғалымдары жазудай жазған. Ол туралы күйікке толы Шоқанның хаттары да көп болатын. Патшаның отаршылдық аппараты тудырған зұлымдыққа, заңсыздыққа, талаушылыққа, паракорлыққа қарсы Шоқан аянбай күресті. Сол үшін де Дюгамель, Фридрихс, Кройерус, Кури Шоқанға қарсы ашық жауыздыққа шыққан. Аса талантты сұлтан Шоқан Шыңғысұлының ғылыми бастамаларына сол патша чиновниктері кедергі келтірулерін бір қоймаған. Қашқар экспедициясының тамаша жеңісін, орыс ориенталис-тикасындағы Шоқан ашқан ренессанстік жаңалықты олар жоққа шығаруға ұмтылды. Атбасар округтік приказының аға сұлтаны болып сайлануына да осы патша чиновниктері бөгет жасаған болатын.

Шоқанға патшаның жемір, қорқау чиновниктері де, дала тағылары да бірлесіп ашық күреске шыққанын жас сұлтан ешқашан ұмытпақ емес. Өз халқының санасыз пасық байларына жек көрініштікпен қарағанымен орыс офицерлерін еш кешпеуге ант еткен. Бұл Шоқанның адам сүйгіштік принципіне қарсы болатын. Бірақ Шоқанда басқа жол жоқ еді. Шоқанның ауыр ауруға шалдығуы, осы адам айтса нанғысыз офицерлердің қорлығына шыдай алмауы болатын. А.К.Гейнс 1865 жылы күнделігіне: «Бәрін тастап жалғыздыққа бойұсынса да орыс офицерлері мен чиновниктерінің ашықтан ашық қорлауы, тобықтан қағуы... биылғы жылы Шоқанның түбіне жетті» – деп күйіне жазған еді.

Ал Көшен тоғанының түбіндегі Тезек төренің ауылындағы, албан руының бостандық сүйгіш рухы жанына да, тәніне де сіңіп болған кәдімгі адамдарының жас, ойлы сұлтан Шоқанды патша жансыздары улап, өлтіріп тынды ғой деген сөздері сұлу Жетісу өлкесінен әуелеп бүкіл сахараға қарай кеткен болатын. Шындықты айтуға шама жоқ еді. Ақиқат қашанда шабан қозғалады.

Ошақтағы от сөніпті. Үй іші салқын тартқанын Шоқан енді ғана сезді. Түйе жүн шекпенмен қымтана түскен ол отқа бірнеше қи сынығын тастады. Салқын қымыздан бірекі рет жұтты. Бірақ ләззат ала алмады.

Патша чиновниктері Шоқанның Қашқарға барған сапарының мәнін жоғалтқысы келді. Бірақ олар орталарынан, Қашқарияны ашуға тәуекел ететін орыс ғалымын таба алмады. Шығыс Түркістанға орыс пен Еуропа ғалымдарына есік баяғыдан жабық болатын. Қашқар билеушісі белгілі географ Адольф Шлагинтвейттің басын шауып түсіріп, бастардан үйілген пирамида үстіне қойғанын Шоқан өз көзімен көрген. Өзі өлтірген адамдардың басынан пирамида жасаған адамды адам деуге бола ма, деп Шоқан жиі ойлайтын.

Дюгамель мен Фридрихске Қашқарға бару қайда?! Кеуделеріне нан піскен, пасық патша чиновниктері қашқарлықтарды көрсе бұттарына жіберіп қояр. «Сібір суық, бірақ онда чиновниктер жылы тұрады», деген Федор Достоевскийдің сөзі дәл осы тұста дәлме-дәл келіп Шоқан күліп жіберді.

Көппен жалғыз алысуға шама келмесін Шоқан енді ұққан. Шындық қанша қасиетті болғанымен, адасқанның алды жөн бола береді екен, әсіресе, уақыттың өзі соған себепкер боп тұрса амал бар ма?..

Орыс генералы Черняевпен текетіреске түскен, дала аристократиясының ой-тілегін қабыл алмаған, туған-туыспен келіспеген Шоқан Алтынемелге, аға сұлтан Тезек төренің ауылына, жыраққа кеткен. Туған өлкесі Көкшедегі Сырымбет ылғи түсіне еніп, жүрегін сыздататын.

Менің ендігі бекінісім, соңғы қалауым Алтынемел тауы болды деп ойлады Шоқан. Қолымен сырып тастаған ақ қағаздарды қайтадан алдына тартты. Ақ қағазға қадалып ұзақ отырып қалған. Туған елден бауыр жазып, Петербургтен алыс кетіп, ауру меңдеген Шоқан шын жалғыз еді.

Ол өзін ойлаған жоқ, өлім барда қорқыныш жоқ, орындалмай қалған армандарын қимастықпен қинала ойлаудан бір таймаған. Ғұмыр келте болды. Сол ғұмырды қысқартуға өзі де септігін тигізді білем. Бәрі Тәңірдің қолында ғой...

Бұл дүниеде бақұлдасар жалғыз адамы әкесі еді. Әкеге айтар сөз де, ой да көп болатын. Соның бәрі жиылып келіп орны толмас өкінішке ауысты.

«...Қажыдым, әлсіредім, қан сөлім таусылды, құр сүйегім ғана қалды, кешікпей жарық дүниені де көрмейтін болам, оған енді ешқандай шара жоқ. Жетісуға келіп, сорлы Айсарыны елге алып қайтыңыз, оны өзіңіздің назарыңыздан, мархабатты қамқорлығыңыздан шет қалдырмаңыз. Бұл менің ең соңғы хатым. Қош болыңыздар, баршаңызды да құшып, аймалаймын. Мұхаммед-Қанапия».

Бұл кезде көктемнің ерте таңы атып та қойып еді. Үй жинайтын әйел түндікті ашты. Шымылдық ішінен Айсары, жазу жазып отырған Шоқанға қимай қарап көзіне жас алды. Орнынан жылдам тұрып, жан жарын құшақтап қасына отырды. Күйеуінің әлі кеткен денесі салқын еді.

– Шаршадыңыз ғой, мырзам.

– Жоқ, шаршағам жоқ.

– Не жазып жатырсыз?..

– Әкеммен қоштастым... Туған жұртым Сырымбетпен қоштастым.

Айсары үндеген жоқ. Бірақ жүрегі тіксініп қалып еді.

– Шәй қойдырайын.

– Жоқ, жатамын. Сәл мызғып алайын, Айсары.

– Қазір мен төсек саламын.

– Жоқ, әуре болма, осы жерге жата беремін. Түске жылқыдан көк жорғаны алдырт. Далаға шығамын... Қырға бірге шығайық. Сен де құла жорғаңды алдырт, Айсары.

– Алдыртамын, мырзам, алдыртамын.

– Рахмет, қымбаттым!..

Айсары жылы жымыып, тұрып қалды.

Алтынемелге биыл көктем ерте келді. Шоқанға да сегіз қанат үй сәуірдің басында тігілген. Ауасы кең жылы үйді Шоқан ерекше ұнатушы еді.

Айсары ошаққа от жақтырды. Шоқанды көрпесімен өзі жылы қымтап жауып тысқа шықты.

Талтүс. Далада көк еркін көтеріліп-ақ кетіпті. Алтынемел тауының етегінде қыпқызыл қызғалдақтар толысып жайнап тұр. Жылы желдің өтінде қызғалдақ басы әнтек қозғалғанда, бүкіл қып-қызыл алқап әдемі қозғалысқа түседі.

Алтынемел тауының басында ақ балақ бүркіт қалықтай ұшып жүр. Шоқан Омбыдан туған елі Сырымбетке келгенде, әкесі оған он қанат үй тігетін. Қасына кісі ертпей жүрмейтін Шоқанның қонақтарына деген алты қанат үй бөлек тұрушы еді.

Шоқан Сырымбетке келгенде жас сұлтанға сәлем береміз деп келген жандарда есеп болмайтын.

Қобызшы Қанғожа, әншілер Көке, Шәкен, жыршы Кәрке Шоқанның қасынан табылатын.

Қобыз ойнайтын жас жігіт Төлепбергенді Шоқан өте жақсы көрген. Төлепберген мен әкесі Тулақ қобызшы бірлесіп қобыз ойнағанда Сырымбет тауының қойны-қонышы сыңсыған сиқыр үнге толып кетуші еді-ау.

Алтынемелге келгенде де, Шоқанға Тезек төренің өзі Жетісудың ақын-жыршыларын, сөз ұстаған билерін, алты ай жазда жинап беріп отыратын. Қазақтың өлең-жырын жас ғалымның жазып алып отыруын жаны ұнатқан. «Өнері болмаған ел оңбайды», дейтін көрінеді Тезек төре.

Алтынемелдің биігінде енді екі ақбалақ бүркіт қанаттары күнге шағылысып еркін қалықтай ұшып жүр. Бұл атақты Маман құсбегінің бүркіттері. Шоқан Маманға еріп бір қыс аңға да шыққан.

Шіркін, Жетісудың жаннат жері-ай! Елі де асқан мейірлі, қонақжай. Берем десе Тәңір береді-ау! Қыздары да Айсарыдай сұлу, ұландары да Мамандай апайтөс, ер тұлғалы ақжарқын.

Түні бойы ой ойлаған, қағаз жазған Шоқан бір кезде талмаусырап ұйықтап кеткен.

Қайран Сырымбет, туған жер!.. Сені қайтып көруге жазар ма екен?.. Әлде менің сүйегімді орыс патшасының қанқұйлы офицерлері мен чиновниктері ешкімге көрсетпей, кара жердің қойнына тығып тастай ма? Тезек төренің ауылында бірнеше офицерлер біраз күн бұрын келіп қонақ болып жатыр деген. Олар Шоқанға келіп көрінуге асықпады. Оларды көруге Шоқан да асыққан жоқ.

– Мырзам, жүр, далаға шық. Сені көк жорғаң тосып тұр, – деді Айсары.

Үн жоқ.

– Мырзам...

Айсары аһ ұрды.

Шоқан жер төсекте жансыз жатыр еді.

Сол күні Көшен тоғанының түбіндегі Тезек төре ауылын қаралы қайғы басты...

...Шоқанның әкесі Шыңғыс Уәлиханов 1865 жылдың жазында Сырымбеттен Алтынемелге арнайы керуен жіберді. Сол керуен Айсарыны Сырымбетке алып қайтқан.

...Алтынемелдегі Шоқанның зиратының басына 16 жылдан соң ғана орыс офицерлері тас орнатты. Онда мынандай сөздер жазылған.

«Бұл жерде 1865 жылы дүниеден өткен штабс-ротмистр Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың сүйегі жатыр. Түркістан генерал-губернаторы Кауфман І-нің тілегі бойынша осы ескерткішті 1881 жылы Уәлихановтың ғылым саласында сіңірген еңбегінің құрметіне генераллейтенант Колпаковский орнатты».

Генерал-губернатор Екатеринбургтегі атақты орыс шеберіне мәрмар тасты қатесіз ойдырды. Мәрмар тас Екатеринбургтен Омбыға, Омбыдан Семейге, Семейден Алтынемелге ұзақ жол жүрді. Мәрмәр тастағы жазудың соңында тағы екі жол жазу болған. Онда: «Бұл құлпытас бәріміздің сүйіктіміз және құрметтіміз марқұм Шоқан Уәлихановқа қойылды», деген сөйлем бар-тын.

Осы жан жүректен шыққан сөздерді Дешті Қыпшақ даласын басқарған парақор, жалақор, месқарын орыс офицерлері мен чиновниктері өшіртіп тастаған. Сонда: «Империяның осындай адамдарын көріп отырып, Шоқан бабамыз кімге қызмет істеген?» деп қиналамыз.

Роллан СЕЙСЕНБАЕВ.